



БҰЙРЫҚ

13.10.2025

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ *513*

город Актөбе

**«Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша»
жобаларын масштабтау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауын және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Облыстың барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына:

1.1. Экологиялық білім беру жүйесін дамыту, балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету бағытында «Жасыл балабақша» жобасы;

1.2. Мектепке дейінгі кезеңде ІТ сауаттылықты арттыру, цифрлық технология саласындағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру мақсатында «ІТ-балабақша» жобасы масштабталсын.

2. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорына (Д.Жаманбаева).

2.1. «Жасыл балабақша», «ІТ-балабақша» жобаларының жұмысын үйлестіруді әдістемелік сүйемелдеу қамтамасыз етілсін.

3. Ақтөбе қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшыларына:

3.1. «Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша» жобаларының жұмысын барлық балабақшада талапқа сай жүргізу үшін шаралар қабылдансын.

3.2. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру мен цифрлық технологияның қарапайым дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалсын.

3.3. Жобаға қатысушы педагогтердің нәтижелі жұмыс жүргізуіне қажетті жағдай жасалсын.

003406

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.



Б.Кузембаева

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҚОБДА АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
КОБДИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТИОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 05 қараша

№ 1237

05 ноября 2025 год

“Жасыл балабақша”, “ІТ балабақша ”
жобаларын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі “Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу” атты Қазақстан халқына жолдауын және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында, “Ақтөбе облысының білім басқармасы” ММ -нің 2025 жылғы 13 қазандағы №513 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ауданның барлық мектепке дейінгі ұйымдарының басшыларына:

1.1. Экологиялық білім беру жүйесін дамыту, балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету бағытында “Жасыл балабақша” жобасын жүзеге асыру мақсатында ауданда тірек балабақша, өсу нүктелері, магнитті балабақшалар құрылсын. (қосымша 1)

1.2. Мектепке дейінгі ұйымдарда ІТ сауаттылықты арттыру, цифрлық технология саласындағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру мақсатында ауданда ІТ тірек балабақша, өсу нүктелері, магнитті балабақшалар бекітілсін. (қосымша 1)

1.3. Ауданда тірек “ІТ-балабақша” болып “Нұрлы болашақ” бала-бақшасы бекітілсін.

1.4. Ауданда тірек “Жасыл балабақша” болып “Шұғыла” бөбекжай-бақшасы бекітілсін.

2. Әдістемелік кабинеттің әдіскеріне (Г.Е.Нурпеисова)

2.1. “Жасыл балабақша” “ІТ-балабақша” жобаларының жұмысын үйлестіру және әдістемелік сүйемелдеу қамтамасыз етілсін.

2.2. “Жасыл балабақша” “ІТ-балабақша” жобаларының жұмысын барлық балабақшада талапқа сай жүргізу үшін шаралар қабылдансын.

2.3. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру мен цифрлық технологияның қарапайым дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалсын.

2.4. Жобаға қатысушы педагогтердің нәтижелі жұмыс жүргізуіне қажетті жағдай жасалсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскері Г.Е.Нурпейсоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы




Н.Даржан


ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША			
№	ТИРЕК (облыстық әдістемелік орталықтан бағдарламасы келісетін балабақша)	өсу нүктесі	МАГНИТТІК
1	"Шұғыла" бөбекжай-бақшасы	"Гаухар" бөбекжай-бақшасы	"Құлагер" бөбекжай-бақшасы
2		"Балдырған" бөбекжай-бақшасы	"Айгөлек" бөбекжай-бақшасы
			Жанаталап НМ Б/Б
			Жарық мектеп Б/Б
			Бестау мектеп бөбекжай БК
			Жарсай НМ Б/Б кешені
			Терісаққан ОМ жанындағы ШО
			Қызылжар ОМ жанындағы ШО
			Құрсай БМ жанындағы ШО
			Қосөткел НМ жанындағы ШО
			Кобыланды НМ жанындағы ШО
			Ә.Молдағұлова ат Ом жан ШО
			Қаракемер НМ жанындағы ШО
			Бұлақ НМ жанындағы ШО

ІТ-БАЛАБАҚША		
ТИРЕК	өсу нүктесі	МАГНИТТІК
"Нұрлы болашақ" бала-бақшасы	"Жерұйық" бөбекжай-бақшасы	"Кәусар" бөбекжай-бақшасы
	"Нұр" бала-бақшасы	"Арай" бөбекжай-бақшасы
		И.Білтабанов ат.МББК
		Өтек НМ МББК
		Ақырап МББК
		Жирикөпа МББК

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
«Қобда ауданының білім бөлімі» ММ
«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

«Бекітемін»
«Шұғыла» бөбекжай-
балабақшасының директоры
 Г. Тулешова





«Келісемін»
Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының директоры
 Д. Жаманбаева



**«Жасыл балабақша» пилоттық жоба
БАҒДАРЛАМАСЫ**

2025-2026 оқу жылы

**«Жасыл балабақша»
Пилоттық жобасының ақпараттық құрылымы**

Пилоттық жобаның негіздемесі	
Пилоттық жобаның өту нысаны	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы, «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Пилоттық жобаны құрастырушы	«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі У. Кусмагамбетова
Пилоттық жобаның мақсаты	Балабақша аумағын көгалдандыру арқылы балалардың табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдыларын қалыптастырып, табиғатты қорғау, сақтау және оған қамқорлық жасау туралы түсінік беру арқылы экологиялық таза орта құру.
Міндеттері	-Экологиялық ойындар, тәжірибелер, бақылаулар ұйымдастыру; -балабақшада гүлзарлар, көкөніс бақшасы, құстарға арналған ұялар жасау; -балаларға өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы білім беру; -қайта өңдеу мен қалдықтарды сұрыптау туралы түсінік қалыптастыру; -ата-аналар мен тәрбиешілерді экологиялық тәрбиелеу процесіне тарту.
Күтілетін нәтиже	Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде балабақшада экологиялық мәдениет қалыптасады, балалардың табиғатқа деген көзқарасы мен мінез-құлқы оң бағытта өзгеріп, табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдылары дамиды. Сонымен қатар, тәрбиешілер мен ата-аналардың экологиялық сауаттылығы артып, экологиялық тәрбие беру процесіне белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі.
Іске асыру мерзімі	1 кезең. Аймақтық жоспарлау (қыркүйек-желтоқсан 2025ж.) 2 кезең. Ұйымдастыру (қаңтар 2026ж.-наурыз 2027ж.) 3 кезең. Қорытынды (сәуір-мамыр 2027ж.)

Түсінік хат

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау – бүкіл адамзаттың ортақ міндеті. Табиғаттың тозуы, климаттың өзгеруі, ресурстардың сарқылуы сияқты экологиялық мәселелердің алдын алу үшін қоғамда экологиялық сана мен жауапкершілікті ерте жастан қалыптастыру қажет. Осы орайда мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие беру – болашақ ұрпақтың табиғатпен үйлесімді өмір сүруіне негіз қалайды.

«Жасыл балабақша» жобасы – балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын, жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған кешенді бастама. Жоба аясында балаларға табиғатты қорғау, сақтау және оған қамқорлық жасау туралы түсінік беріледі, экологиялық ойлау мен мінез-құлық қалыптастырылады. Балабақша аумағын көгалдандыру арқылы экологиялық таза орта құру, гүлзарлар мен көкөніс бақшасын ұйымдастыру, құстарға арналған ұялар жасау – балалардың табиғатпен тығыз байланыста болуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, балаларға өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы білім беру, экологиялық ойындар, тәжірибелер мен бақылаулар ұйымдастыру арқылы олардың танымдық қабілеттері мен зерттеушілік дағдылары дамиды. Қайта өңдеу мен қалдықтарды сұрыптау туралы түсінік қалыптастыру – балалардың тұрмыстық мәдениетін арттырып, экологиялық жауапкершілікті сезінуге үйретеді. Жобаға ата-аналар мен тәрбиешілер белсенді тартылып, бірлескен іс-шаралар арқылы «бала – тәрбиеші – ата-ана» ұштағаны негізінде экологиялық тәрбиенің тиімділігі артады.

Бағдарлама өзектілігі: Қазіргі таңда қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың азаюы, климаттың өзгеруі секілді экологиялық мәселелер бүкіл әлемге ортақ алаңдаушылық туғызуда. Бұл жағдай адамзаттың өмір сапасына ғана емес, болашақ ұрпақтың қауіпсіздігіне де тікелей әсер етеді. Сондықтан экологиялық сананы қалыптастыру – ерте жастан басталуы тиіс маңызды міндет. Мектепке дейінгі ұйымдар – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы, оның тұлғалық және танымдық дамуының негізі қаланатын орын. Осы кезеңде табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамытуға болады. Балаларға табиғатпен үйлесімді өмір сүруді үйрету, оларды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға баулу – болашақта саналы азамат тәрбиелеудің негізі.

«Жасыл балабақша» жобасы – осы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған тиімді бастама. Ол балалардың табиғатпен байланысын нығайтып, экологиялық білім мен тәжірибені күнделікті өмірмен ұштастыруға мүмкіндік береді. Жоба арқылы балалар ғана емес, ата-аналар мен тәрбиешілер де экологиялық тәрбие процесіне белсенді қатысып, ортақ жауапкершілік қалыптасады.

Жобаның мақсаты: Бөбекжай-бақшада аумағын көгалдандыру арқылы балалардың табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдыларын қалыптастырып, табиғатты қорғау, сақтау және оған қамқорлық жасау туралы түсінік беру арқылы экологиялық таза орта құру.


Міндеттері:

- экологиялық ойындар, тәжірибелер, бақылаулар ұйымдастыру;
- бөбекжай-бақшада гүлзарлар, көкөніс бақшасы, құстарға арналған ұялар жасау;
- балаларға өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы білім беру;
- қайта өңдеу мен қалдықтарды сұрыптау туралы түсінік қалыптастыру;
- ата-аналар мен тәрбиешілерді экологиялық тәрбиелеу процесіне тарту.

Күтілетін нәтиже:

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде бөбекжай-бақшада экологиялық мәдениет қалыптасады, балалардың табиғатқа деген көзқарасы мен мінез-құлқы оң бағытта өзгеріп, табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдылары дамиды. Сонымен қатар, тәрбиешілер мен ата-аналардың экологиялық сауаттылығы артып, экологиялық тәрбие беру процесіне белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі.

«Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асырудың моделі



«Жасыл балабақша» пилоттық жобасының орындалу кезеңдері

**1 КЕЗЕҢ. Аймақтық жоспарлау
(қыркүйек-желтоқсан 2025 ж)**

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жобаға қатысушыларды оның мәселесімен, мақсатымен, міндеттерімен таныстыру; қажетті материалдарды әзірлеу, дайындау. Қажетті материалдарды дайындауға барлық педагогтер мен ата-аналарды тарту.	Қыркүйек, қазан айлары	Директор, әдіскер, топ тәрбиешілері, психолог
2	«Жасыл балабақша» жобасымен танысу Әдістемелік отырыс	қыркүйек	Директор, әдіскер, топ тәрбиешілері, психолог
	Бөбекжай-бақша ауласындағы гүлдерді жинап, ішке отырғызу. Дәрілік шөптерді жинау. Жаңғақтарды жинау.	қазан	Әдіскер, топ тәрбиешілері
3	Пилоттық жобаның бағыттары бойынша жоспар құру және бекіту. Туған өлкенің экожүйесі туралы өлеңдер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, әңгімелер, ертегілер, гербарий жинақтау.	қазан айы	Әдіскер, жауапты педагогтер
4	Бөбекжай-бақша бойынша ата-аналар жиналысын жоспарлап, пилоттық жоба жоспарымен таныстырып, кері байланыс жасау.	қараша айы	Директор, жауапты педагогтер

5	«Жасыл балабақша» бағдарламасы аясында бірнеше мамандарға қысқа мерзімді жобалар беру.	желтоқсан айы	Жауапты педагог, әдіскер
---	--	---------------	--------------------------

2 КЕЗЕҢ. Ұйымдастыру
(желтоқсан 2025жыл- сәуір 2027ж.)

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында) зияткерлік ойын.	желтоқсан	Тәрбиешілер
2	Дәлізде және топтарда табиғат бұрыштары мен жасыл балабақша бұрышын жасау.	қаңтар	Педагогтер
3	«Эко-достық әлемі» экологиялық жоба	қаңтар, ақпан	Дуйсембина Г.М.
4	«Менің экобұрышым» топтар арасында сайыс өткізу. Жоба негізінде бөбекжай ішілік семинар өткізу. «Экологиялық мәдениет – бөбекжай-бақшадан басталады»	ақпан	Жауапты педагог, әдіскер.
5	«Менің алғашқы бау-бақшам» экологиялық жоба	ақпан, наурыз	Сопаква А.К.
6	«Қамқор» жобасы аясында «Су- өмір көзі» бейне роликтер байқауы. «Су-тіршілік көзі» экологиялық жоба	наурыз, сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер. Дариябаева С. А.
7	«От зерна к жизни: искусство посева» экологиялық жоба	сәуір, мамыр	Андрущенко А.Ф.
8	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Макалатура жинайық – ағаштарды сақтайық!» Халықаралық балалар кітабы күні.	сәуір	Койбагарова Т.В.
9	Жоба негізінде аудандық семинар өткізу. «Жасыл орта- жарқын болашақ: Ерте жастан табиғатты сүйуге тәрбиелеу»	сәуір	Директор, әдіскер, тәрбиешілер, психолог.
10	«Жасыл әлем – біздің үйіміз» бөбекжай ауласына гүл отырғызу акциясы. Аулада көкөніс бақшасын егу.	мамыр	Директор, әдіскер, тәрбиешілер
11	Табиғат бұрышын ұйымдастыру. Метеоалаң құру. Ата-аналармен бірлескен сенбілік.	маусым	Директор, әдіскер, тәрбиешілер

12	Өсімдіктерге күтім жасау. Суару, бақылау, күнделік жүргізу.	маусым, шілде, тамыз	Жауапты педагог, әдіскер, тәрбиешілер
13	«Күн-өмір көзі» экологиялық жоба	мамыр, маусым	Әкімгерейқызы В.
14	Жоба бойынша аралық қорытынды. Фото көрме, балалардың жұмыстары.	тамыз	Жауапты педагог, әдіскер, тәрбиешілер
15	Жаңа балаларды жобамен таныстыру.	қыркүйек	Жауапты педагог, тәрбиешілер
16	«Күзгі асар» жәрмеңкесін өткізу.	қазан	Әдіскер
17	Қалдықтарды сұрыптау туралы түсінік. Қайта өңделетін материалдармен шығармашылық жұмыс. «Қоқыс емес-ресурс!» экологиялық жоба.	қараша, желтоқсан	Чанчарова Б.Б.
18	«Еңбегі адал – жас өрен» жоба «Шырша ойыншықтары» Тәрбиеленушілер қалдық және табиғи материалдарды пайдалана отырып ата- аналармен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізу.	желтоқсан	Топ тәрбиешілері
	«Табиғат сыйы-менің қолымда» экологиялық жоба	желтоқсан, қаңтар	Сарбасова А.А.
20	«Қыста, құстарды тамақтандырайық» (жемсауыт жасау)	қаңтар	Челлендж
21	«Жасыл зертхана» экологиялық жоба.	қаңтар, ақпан	Кусмагамбетова У.
22	Көкөніс бақшасын жаңарту. Жаңа тұқымдар егу. «Құстарға ұя сыйлаймыз!» акция	сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, психолог
23	«Топырақ- тіршілік бастауы» экологиялық жоба	сәуір, мамыр	Туралиева Н.
24	Қорытынды мониторинг	мамыр	Әдіскер

3 КЕЗЕҢ.

Қорытынды (2027 ж мамыр.)

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Пилоттық жобаның нәтижелерін жинақтау.	мамыр	Жоба жетекшісі
2	Үздік тәжірибелерді тарату. Кітапша шығару.	мамыр	Жоба жетекшісі
3	«Жасыл балабақша–2027: Бала және табиғат»	Мамыр	Әдіскер, жоба жетекшісі, тәрбиешілер
4	Қорытынды мониторинг	Мамыр	Әдіскер, жоба жетекшісі

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіразақова Ж. Экологиялық тәрбие негіздері. – Алматы: Атамұра, 2018.
2. Құрманбекова Г. Балабақшада экологиялық тәрбие беру әдістері. – Астана: Фолиант, 2020.
3. Мұқашева А. Қоршаған ортаны қорғау және балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. – Алматы: Білім, 2019.
4. Сәрсенова Л. Экологиялық білім берудің маңызы. – Түркістан: ҚазҰУ баспасы, 2021.
5. Жұмабаева Р. Экология және тәрбие. – Тараз: Ғылым, 2023.
6. Тұрсынбеков Н. Жасыл технологиялар және олардың қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 2022.
7. Төлеуова А. Балабақшада экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдары. – Алматы: Дарын, 2021.
8. Нұртазин Ә. Жасыл мекен: Балаларға арналған экологиялық бағдарлама. – Астана: Jasylmeken, 2023.